

БІРІКТІРУ ЖОЛЫ АРҚЫЛЫ ЖАСАЛҒАН ТЕРМИНДЕРДІҢ СӨЗДІКТЕРДЕГІ КӨРІНІСІ

(мұнай-химия терминдері негізінде)

*Жонкешов Б.С.¹, Карбозова Б.Д.², Тасилова А.А.³

¹Филология ғылымдарының кандидаты, Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті, Алматы, Қазақстан, e-mail: zhon_bs79@mail.ru

²PhD, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан
e-mail: bulakarb_83@mail.ru

³PhD, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан
e-mail: taika9183@gmail.com

Аңдатпа. Бұл мақалада екі немесе оданда көп түбірлердің бірігу тәсілі арқылы жасалған мұнай-химия терминдеріне талдау жасалынады.

Қазіргі кезде орыс тілі арқылы енген біріккен терминдердің қатары жыл санап артып келеді. Бұрындары терминдер екі кейде үш түбірдің бірігуі арқылы жасалса, қазіргі кезде үш, тіпті, төрт түбірді біріктіріп термин жасау процесі белең алып отыр. Оның себебі, өзге тілден термин қабылдауда калька тәсілінің жетекші рөл атқаруында. Сонымен бірге өткен ғасырдың елуінші жылдары қабылданған, орыс тіліндегі терминдер қалай таңбаланса, қазақ тілінде де солай таңбалану тиіс деген ереже бүгінгі күндері де өз күшін жоймай отыр. Осы қағидаға сәйкес тілімізге өзге тілден көптеген біріккен терминдер еніп отыр. Осындай ережелер қазақ тілінің төл заңдылықтарына кері әсерін тигізуде.

Мақаланың мақсаты – мұнай-химия терминологиясындағы біріккен сөздермен берілген терминдерді зерттеу, біріздендіру. Қойылған мақсатқа қол жеткізу үшін әр жылдары жарық көрген сөздіктерге статистикалық талдау жасай отырып, осы мәселе бойынша бүгіндері жарық көрген еңбектерді саралай келе, біріккен терминдердің табиғатын зерделеу, сөздерді біріктіру тәсілдерінің белең алу себептерін анықтау. Өзіндік тұжырымдар шығару.

Зерттеу жұмысының ғылыми және практикалық маңыздылығы. Күрделі сөздер теориясына арналған еңбектерге ғылыми талдау жасай отырып, қазақ тіліндегі біріккен сөздер теориясын қайта қараудың қажеттігін ұсынады. Қазақ тілі терминологиясында белгілі бір ұғымды атауда сөздерді біріктіру тәсілі арқылы емес, тіркестіру тәсілінің жетекші рөл атқаруы маңызды екендігін дәлелдеуге тырысады. Күрделі терминдерді таңбалауда сингармонизм заңдылығына сүйене отырып, А.Байтұрсынұлының қағидасын басшылыққа алуды ұсынады.

Зерттеу әдіснамасында алға қойылған міндеттерді шешу мақсатында жұмыста келесідей әдіс-тәсілдер қолданылды: сипаттамалық әдіс, семаникалық топтау әдісі, терминжасамдық талдау әдісі және т.б.

Зерттеу нәтижелерінде жинақталған материалдар мен тұжырымдарды жоғары оқу орындарында арнаулы таңдау пәндерінде, дипломдық және курстық жұмыстарды жазу барысында, академиялық ғылыми зерттеу жұмыстарында пайдалануға болады.

Зерттеу жұмысының құндылығы жоғары оқу орындарындағы оқу үдерісінде «Терминология», «Сөзжасам» және т.б. сияқты арнаулы курстарда, сонымен қатар, орфографиялық сөздік түзу ісінде және техникалық мамандықтарға арналған сөздік құрастыруда пайдалануға болады.

Тірек сөздер: терминдер, біріктіру, тіркестіру, калька, біріккен терминдер, терминжасам, аналитикалық тәсіл, мұнай-химия терминологиясы

Негізгі ережелер

Мұнай-химия – көмірсутек шикізатын (мұнай, табиғи және ілеспе газ фракцияларын) терең химиялық өңдеу үдерістерін қамтитын химия өнеркәсібінің саласы. Мұнай-химия өндірісі бүгінде Қазақстан мен әлемнің көптеген елдері экономикасының жетекші сегменті болып табылады. Бұл саланы таңдап алуымыз кездейсоқ емес. Қазақстан Республикасының ауыр өнеркәсібі болып табылатын мұнай өңдеу және мұнай-химия саласының қазақша-орысша, орысша-қазақша терминология сөздігін әзірлеу барысында орыс тіліндегі күрделі (біріккен) терминдердің қазақ тілінде берілу мәселесі көптеген қиындықтар туындатты. Бұлардың арасында тілімізді дамытып жатқандары да тіл заңдылығын бұзып отырғандары да баршылық. Терминологиялық қорымыздағы осы сипаттағы сөзжасамдық амалдар арқылы, оның ішінде аналитикалық тәсіл арқылы (сөздерді біріктіру немесе қосу) калька жолымен немесе өзге тілдерден дәл сол күйінде өзгеріссіз алу жолымен жасалған терминдерді бір жүйеге түсіру мәселесі айқындалады.

Кіріспе

Бүгіндері ғылымның қарқынды дамуы және әлемнің түкпір-түкпіріндегі зерттеушілердің еркін ақпарат алмасуы зерттелетін объектінің немесе құбылыстың мәнін сипаттайтын жаңа терминдердің пайда болуына өз ықпалын тигізіп отыр. Бұлардың барлығы өздеріне қатысты сала төңірегіне шоғырланып, өзіндік терминологиялық аппарат құрайды. Терминологиялық аппарат – бұл мамандар білім алмасатын және оның көмегімен оқушылар мен студенттер өздерінің таңдаған мамандықтары туралы білім алатын арнаулы тіл.

Қазіргі таңда қазақ терминологиялық қорын қалыптастырудың негізгі жолы – сырттан енген терминдерді тілімізге аудару арқылы игеру, яғни, калька тәсілі екендігі белгілі. Академик Ө.Айтбайұлы «Калька тәсілін» өзге тілдердің терминдерминдерін белгілі бір тілдерге аудару барысында термин алып отырған тілдің терминжасам үлгісін өзгертпей дәл сол күйінде қабылдау деп түсіндіреді [1,104-105 бб.].

Материалдар мен әдістердің сипаттамасы

Біз мақаламызда қазақ терминқорындағы калькалау және өзге тілдерден дайын терминдер алу жолдарымен қалыптасқан күрделі терминдер турасында сөз қозғамақпыз. Себебі, жоғарыда айтып кеткендей, бұл тәсілдер тіліміздің қай саласында болмасын термин қабылдауда өнімді тәсілдерге айналып отырғандығы белгілі.

Зерттеу материалдары: терминология бойынша зерттелген ғылыми еңбектер, мақалалар және терминком бекіткен терминдердің сараланған бірліктері талданып, мысалдармен дәйектелді.

Зерттеуіміздің материалы ретінде осы сала бойынша жарыққа шыққан М.Арыстанбаевтың [2], А.Қ. Махамбеттің [3] және бүгіндері жарыққа шығып отырған Ө.Б.Байбатша бастаған бірнеше авторлардың құрастырып отырған

ұжымдық сөздігінде [4] кездесетін біріккен сөздер алынды. Мысалы, *ылғалоқшаулама (лагоизоляция), газжұтқыш (газопоглотитель), сазұнтақ (глинопорошок), магнитометр (магнитометр), жұктөккіш (самосвал)* (Мұнай-газ терминдерінің орысша-қазақша сөздігі), *алақұйынсыз (безвихревой), бұрамашеге (шуруп), гидробұрғы (гидробур), дебитөлшеуіш (дебитомер), жылуэлектрицентраль (теплоэлектроцентраль)* (Мұнай мен газ бойынша қазақша–орысша–ағылшынша сөздігі), *алкилорынбасқан (алкилзамещенный), арқанжатқызғыш (канатоукладчик), ауаөтімділік (воздухопроницаемость), бензолсульфоқышқыл (бензолсульфоқышқыл), бөшкетолтырғыш (бочконаполнитель)* (Мұнай өңдеу және мұнай-газ химиясы салаларының қазақша-орысша, орысша-қазақша терминологиялық сөздігі) және т.б.

Нәтижелер

Бүгінгі таңға дейін мұнай саласына арнап жарыққа шыққан сөздіктерге статистикалық талдау жүргізу барысында біріккен терминдердің саны артып келе жатқандығын анықтадық. Оның басты себебі – сырттан термин қабылдауда жат тілдің терминдерімен бірге заңдылықтарын да жатсынбай қабылдауымызда.

Осыған орай қазақ тіліндегі біріккен сөздерге қатысты тұжырымдар мен ережелерді қайта қарауды қажет етеді. Себебі бүгінгі қолданыстағы ережелер орыс тілінің заңдылығына құрылған.

Тіліміздегі буын үндестігі заңы жойылуға бет бұрып бара жатыр. Жуан буын мен жіңішке буын біріктірілу үдерісі белең алуда. Немесе керісінше жіңішке буын мен жуан буын бір сөздің ішінен кездестіріп қалу жағдайы жиілеп келеді.

Қазақ тілінде жаңа сөз жасауда тіркесті терминдерге басымдық беру қажет. Сөздерді, әсіресе, терминдерді талғамыз біріктіріп күрделі бірлік жасауға шектеу қоюымыз керек. Шектемесек, тілімізде төрт, бес, алты толық мағыналы сөздерден біріккен шұбалаңқы терминдер пайда болады.

Сөздерді (терминдерді) біріктіруде А.Байтұрсынұлының теориясын басшылыққа алғанымыз жөн.

Талқылау


Академик Ш.Құрманбайұлы кальканы сөзжасамдық калька, семантикалық калька, фразеологиялық калька [5, 583 б.] деп жіктейді. Зерттеу объектісі ретінде алып отырған күрделі сөздер сөзжасамдық калька арқылы немесе өзге тілдерден дәл сол қалпында алу жолымен пайда болған терминдер. Нақтырақ айтсақ, екі немесе одан да көп толық бірліктердің бір құрылымдық семантикалық тұтастыққа, яғни күрделі сөзге біріктіру арқылы жасалған терминдер.

Қазақ тіл білімінде терминология мәселесімен бірқатар ғалымдар айналысқан. Атап айтқанда, А.Байтұрсынұлы, Е.Омаров, Қ.Жұбанов, Ә.Қайдар, Ө.Айтбайұлы, Ш.Құрманбайұлы, Қ.Айдарбек, Е.Әбдірасілов және т.б. Жалпы қазақ тіл білімінде күрделі сөздерді зерттеуге елеулі үлес қосқан

ғалымдар, К.Аханов, А.Ысқақов, І.Кеңесбаев, М.Балақаев, Ы.Маманов, Б.Қасым, Қ.Күдерина және т.б. Күрделі сөздерді, олардың жасалу жолдарын, жазылу емлесіндегі ерекшеліктеріне шолу жасай отырып, мақалада мұнай-химия саласындағы күрделі сөздермен берілген біріккен терминдердің қалыптасуына назар аудардық.


Жұмысымыздың мақсаты – мұнай-химия терминология жүйесіндегі біріккен сөздермен берілген терминдерді зерттеуді жалғастыру. Алға қойылған мақсатқа жету үшін қазақ тіліндегі біріккен сөздердің типологиялық ерекшеліктерін қарастыруға, лексика-семантикалық топтарды анықтауға, осы жолмен жасалған терминдердің жасалуының негізгі әдістері мен модельдерін айқындауға басымдық береміз.

Зерттеу материалдары ретінде алынған сөздіктерді зерттеу нысаны ретінде алып отыруымыздың себебі шығу жылдарының арасында айтарлықтай алшақтық болмаса да терминжасамның бірігу тәсілі арқылы жасалған бірліктердің үлестік қатынастары әртүрлі. М.Арыстанбаевтың сөздігінде (2011 ж.) реестрде кездесетін 4577 бірліктің 135-і ғана бірігу тәсілдері арқылы жасалған. Ал А.Қ. Махамбеттің сөздігінде 4794 бірліктің 601-і біріккен терминдер. Соңғы дайындалған «Мұнай өңдеу және мұнай-газ химиясы салаларының қазақша-орысша, орысша-қазақша терминологиялық сөздігі» реестрде берілген 8837 терминнің 2162 біріккен терминдер. Олардың пайыздық қатынастары төмендегідей:



Сурет1 – Біріккен терминдердің сөздіктердегі пайыздық қатынастары

Байқап отырғандарыңыздай жыл өткен сайын термин шығармашылығында терминдерді біріктіру тәсілі арқылы жасалған терминдердің үлес салмағы қарқын алып келе жатыр.




Сурет 2 – Біріккен терминдердің әр жылдары шыққан сөздіктердегі пайыздық көрсеткіштері

Мұның басты себебі орыс тілінің қазақ тіліне әсері деп болжам жасаймыз. 2011 жылы шыққан сөздікте негізінен екі толық мағыналы сөздерді біріктіру арқылы жаңа термин жасалған болса (үш сөзді біріктіру арқылы жасалған терминдер де кездесіп қалады), 2015 жылы үш, тіпті төрт сөзді біріктіру арқылы жасалған терминдер қатары көбейген. Ал соңғы сөздіктің қолжазбасында олардың саны артқан:

2011 жылғы сөздік: 2 – 132, 3 – 3, 4 – 0

2015 жылғы сөздік: 2 – 537, 3 – 62, 4 – 2

2024 жылғы сөздік: 2 – 1972, 3 – 187, 4 – 3



Сурет 3 – Біріккен терминдердің бірнеше сөздердің бірігуі арқылы жасалғандарының пайыздық көрсеткіштері

Қазақ тілінде біріккен сөздер аз зерттелді деп айта алмаймыз. Аталмыш бірліктер жеке мақала түрінде де зерттеу еңбектерінде тарауша түрінде де, тіпті, арнайы кандидаттық, докторлық диссертация түрінде де зерттеу нысанына айналып келеді. Ғалымдар біріккен сөздерді екі тұрғыдан қарастырған. Алғашқылары біріккен сөздердің не екендігі туралы қалам тартса, екінші топтағы ғалымдар аталмыш бірліктердің жасалу жолдары, орфография саласы тұрғысынан зерттеген. Біз зерттеуіміздің мақалалық көлемде ғана екендігін назарға алып, сонымен бірге тіліміздегі біріккен сөздердің анықтамасы анық болғандықтан, жалпы олардың табиғаты айқын екендігін ескере отырып, біріккен сөздердің не екендігі туралы зерттеулерге шолу жасауды артық көріп отырмыз. Бүгінгі таңда біздің назарымызды аударып отырған мәселе – қазақ терминологиясындағы күрделі атаулардың не себепті бірігіп таңбаланып жүргендігі, қандай заңдылыққа негізделіп отырғандығы. Себебі өткен ғасырдың басында басталған бұл мәселе әлі де болса өзектілігін жойған жоқ. Оны өз кезеңінде сөз еткен академик І.Кеңесбаевтың мына бір сөзімен дәлелдей аламыз: «Қазіргі емледегі ең күрделі және қиын мәселе күрделі сөздердің емлесі. Тілдің даму процесінде жаңа күрделі сөздер пайда болады: *баспасөз, басмақала, еңбеккүн* және т.б. Мұндай күрделі сөздерді жазу емлесінде үлкен алалық бар» [6, 107 б.] – дей келе, ондай алалықтардың, ең алдымен күрделі сөздердің біріктіріп жазылып жүгендігінде, келесі кезекте жазу барысында бірге жазылып жүрген сөздердің тұлғасын сақтау/сақтамауға байланысты туындап жүр [6, 107 б.] дейді. Сондай-ақ олардың таңбалануына қатысты өзіндік көзқарасын да ұсынады: «Олардың екі құрамдас бөлігінен тұратын және бір ұғымды білдіретін біріккен сөздер әрқашан бірігіп жазылатынын атап өту қажет деп санаймыз, мысалы: *Теміртау, халықаралдық, теміржолшы, қолқанат, қолқап* және т. б. Бұл күрделі етістіктерді, сондай-ақ идиомалық және фразеологиялық типтегі сөз тіркестерін қамтымайды, мысалы: *келе бер, айтып бере алмада, қызыл көзді (пәле), іш тар, тұмаға тұйық* және т. б.

Мұндай біріктірілген сөздердің құрамдас бөліктері дыбысталуына қарамастан негізгі нысанын сақтай отырып жазылады, мысалы: *шекара, тасбақа, бесжылдық, Жарқанат, қайынсіңілі, қайыңға, Жезқазған* (Жезғазған емес), *Аякөз* (Аягөз емес) және т.б. Бұл ереже жалпы атауларды жазуға да қатысты.

Дәл осындай морфологиялық принцип негізінен адамдардың есімдерін жазуда да қолданылады» [6, 107 б.]. Дәл осы кезден бастау алған сөздерді бірге таңбалау мәселесі бүгінгі таңда да тілші ғалымдар арасында даулы мәселелердің өзегіне айналып отырғандығы белгілі. Төл қазақ тілінде сөздердің бірігіп таңбаланатындығы тәжірбиеде бар құбылыс екендігін жоққа шығара алмаймыз. Ы.Маманов қазақ тілінде түбір сөздер құрамы мен жасалу тәсілдеріне байланысты бес түрге бөлінетіндігін айта келе, сөздердің бірігуі арқылы жасалған түбір сөздер, қосымша арқылы жасалған түбір сөздердей белгілі бір жаңадан пайда болған ұғымды атауды қажеттігінен пайда болғандығын, сонымен бірге біріккен түбірлі тұлғаларды екі, үш сөздің

бірігуі нәтижесінде бір тұтас лексикалық мағынаға ие болған жаңа сөз ретінде түсіндіреді. Мұндай бірліктердің қазақ халқының тұрмысымен бірге пайда болып, біте қайнасып келе жатқан тіл құбылысы ретінде таниды [7, 141 б.] Ғалымнан келтіріген сілтемеден мына бір мәселелерге ерекше назар аудартқымыз келеді:

- 1) Біріккен сөздер жаңа ұғымды атау қажеттігінен туындаған;
- 2) Біріккен түбір – екі сөзден, кейде үш сөзден бірігіп біртұтас сөзге айналады;
- 3) Біріккен сөздер қазақ халқының қоғамдық өмірімен бірге туып, біте қайнап келе жатқан тілдік құбылыс.

Шындығында да біріккен сөздер қазақтың байырғы сөздік қорында бар. Десек те олардың дені қазақ тілінің үндестік заңына бағынып, екі түбірдің бір біріне кірігіп кету нәтижесінде пайда болған сөздер: *биыл, ағайын, қарақат, білезік* және т.б. Ал кірікпей тек екі түбірдің бірігуі нәтижесінде пайда болған сөздер тіл дамуында күні кеше ғана пайда болғандығы белгілі. Сөз жоқ тіліміздегі біріккен сөздердің барлығы жаңа ұғымды атау нәтижесінде жасалды. Ал ғалым келтірген біріккен түбір екі, кейде үш сөзден бірігіп жасалынады деген пікірі біз үшін аса құнды.

Төл қазақ тілінде біріккен сөздер негізінен екі сөздің бірігуі нәтижесінде пайда болады, ал үш сөздің бірігіп, бір ұғымды беруі сирек құбылыс. Бұл осыдан елу жыл бұрын ғана айтылған пікір. Өкінішке орай бүгінгі таңда терминжасамда үш, тіпті төрт сөздің бірігуі арқылы жасалған терминдер саны артып келе жатыр. Бұл қазақ тілінің заңдылығына қайшы деп ойлаймыз. Қазақ тіліне қайшы деуіміздің себебі, қазақ тілінің төл заңдылығында сөздер буын үндестігін сақтай отырып қана біріге алады.

В.А. Богородицкийдің еңбектеріне сілтеме жасай отырып, І.Кеңесбаев осы қағиданың түркі тілдеріне, оның ішінде қазақ тіліне қатыстылығын теріске шығаруға болмайды деп есептейді [6, 334 б.]. В.А. Богородицкийдің «Этюдтерінде» түркі тобына жататын тілдерде үндестік заңы категориясын бұл тілдерде префикстер, предлогтардың жоқ болуымен, түбірге жалғанатын қосымшалардың қызметінің жоғары екендігімен байланыстырады [6, 334 б.]. Мұндай көзқарасты В.В.Радловтан да кездестіруге болады. Ғалым қазақ тілінің сөздері сингармонизм заңына бағынатындығына ерекше назар аударған. Солардың ішінде біріккен сөздердің табиғаты жайында да көптеген құнды пікірлер айтқан. Атап айтқанда, есім мен етістіктердің тіркесуі арқылы жасалып бір ұғымды білдіретін бірліктерді күрделі сөз деп танып, оларды түркі тектес тілдерге ғана тән заңдылық екендігін көрсетеді. Тілдің әртүрлі жеке бөлшектері дауысты дыбыстардың әсерінен үндесіп, тұтас бірлікке айналып кетеді тұжырым жасайды. Сондай-ақ, В.В.Радлов түркі тілдер тобында сөз қосымның бар екендігін жоққа шығармай, бір сөзде кездесетін дауыстылардың гармониясы екінші сөздегі дауысты дыбыстарға бағына отырып, жаңа сөз жасалынады деп қорытынды шығарады [8]. Қазіргі кезде екі немесе одан да көп сөздерді біріктіру нәтижесінде жаңа бірлік жасау барысында тіл тарихындағы төл заңдылығымыз басшылыққа алынбай отыр.

Бүгіндері тілімізде жетекші рөл болып табылған аталмыш заңдылық күресінге тасталынып отыр.

Қазақ тіл білімінде ғалымдар күрделі сөздерді біріктіріп жазылуына негіз болатын қағидаттар деп төмендегілерді көрсетеді. Атап айтқанда І.Кеңесбаев ұстанымы бойынша,

«1) өзгертілген бастапқы негіздерден тұратын сөздер;

2) дәстүр бойынша бастапқы негізін сақтайтын терминдер (қоғамдық-саяси, биологиялық, астрономиялық және т. б.) және кейбір басқа да сөздер;

3) екі немесе үш сөзден тұратын географиялық атаулар (бірақ біртекті географиялық атауларды ажыратуға қызмет ететін анықтама бөлек, бас әріппен жазылады) бірге жазылады» [6, 441-442 бб.].

Академик Р.Сыздықтың «Анықтағышына» сәйкес «Ғылым мен техниканың әр түрлі саласындағы терминдік мәнге ие болған атаулар бастапқы түбір тұлғаларын сақтап, бірігіп жазылады;

Әр алуан құрал-жабдық, қару-жарақ, машина, аппарат, бұйым, үй мүлкі атаулары екі түбірден жасалса, біріккен сөз болады;

Бірінші компоненті фото, радио, электр(о), авто, аэро, кино, гидро, агро, теле, стерео, мото, метео, био, микро, макро, квази, транс, деген тұлғалар, екінші компоненті тәуелдік жалғаусыз сөз болса, әрі бұлар қосылып, бір заттың, бір құбылыстың атын білдіріп тұрса, бірігіп жазылады» [9]. Сілтемелерден байқап отырғандарыңыздай тіліміздегі біріккен сөздерге қатысты ережелердің дені термин сөздерге қатысты. Тіпті, бізде шеттен енген сөздерге қатысты арнайы ереже де болған: «Орыс тілінен енген барлық түбір сөздер және орыс тілі арқылы қазақ тіліне енген халықаралық терминдер орыс тілінің орфографиялық нормаларына сәйкес жазылады» [6, 442 б.]. Осы және өзге де себептерге байланысты тілімізде *геотектоклиналь, гидротурбогенератор, магнетогидродинамика, палеосейсмограмма, рентгенодефектоскопия, фотоинклинограмма* және т.б. сынды біріккен терминдер қатары көбейді. Тіпті, осы ережелерге сәйкес тілімізде *автожанармайқұйғыш, автоцементтасығыш, алкилорынбасқан, бензолсульфоқышқыл, диэтиленүшамин, моноүшіншілікбутилсульфид* және т.б. үш, төрт сөздердің бірігу нәтижесінде будан терминдер қатары пайда бола бастады. Қазақ тілінің орфографиясына ғылыми талдау жасаған О.Жұбаева ұжымдық монографияда мұндай үдерістің қате екендігін дұрыс көрсетеді: «Сонымен қатар мұнда орыс тілінің үлгісімен сөз құрау ықпалы да бар. Орыс тіліндегі *животноводство, растениеводство, овцеводство, оленоводство*, т.с.с. сөздерің үлгісімен қазақ тіліндегі осындай сөздерді бірге жазуға тырысу. Әр тілдің өзіндік ерекшелігі болатындықтан, бір тілде бірге жазылған сөзді басқа тілде де бірге жазу дұрыс бола бермейді» [10, 134 б.]. Сондай-ақ орыс тілінің заңдылығына сәйкес сөз біріктіру процесінің қате екендігін өз дәуірінде Ғ.Мұсабаев та айтып кеткен еді. Ғалым журналға шыққан мақалаларда кездесетін біріккен сөздердің берілуін сынай келе, тіпті кейбір сөздердің таңбалануын орыс тіліндегі нұсқасындай еш себепсіз бірде бірге («*мелкобуржуазная партия*» – *ұсақбуржуазиялық партия*), бірде бөлек («*мелкая буржуазия*» – *ұсақ буржуазия*) жазып жүргендігіне күйіне келе, «әр

халықтың өз емлесі, өз тұрғысы бар. Сондықтан біздің орфографиямызда бұларды бөлек жазсақ та, ол сөздердің ұғымына залал келмейді, бәрі бір жаңағы ұғым бұрмаланылмай түсініледі. Жазу ісін сауаттандырып, бірізге түсіру – жалпымызға ортақ міндет» [11, 422 б.] - дейді. Шындығында да бүгінгі қазақ тілінің орфография ережесінің орыс тілінің ережесінен көп айырмашылық болмай келе жатқаны рас. Жоғарыдағы сілтемеде келтірілген мысалдарды осы күні тіліміздің сөздік қорынан, әсіресе қазақ терминологиясынан көптеп кездестіруге болады. Мұның басты себебі елуінші жылдары қабылдаған ереженің әсерінен деп топшылаймыз. Термин орыс тілінде қалай таңбаланып, айтылатын болса, қазақ тілінде де дәл сол күйінде еш өзгеріссіз жазу қажеттігіне жаратып келеміз. Тіпті, ол терминді аударып қолдансақ та орыс тілінің таңбалану заңдылығын сақтап отырмыз. Мысалға, *фибробетон* – *фибробетон*, *геотектоклиналь* – *геотектоклиналь*, *паралиагеосинклиналды* – *паралиагеосинклиналь*, *гидротурбогенератор* – *гидротурбогенератор*, *магнетогидродинамика* – *магнетогидродинамика* және т.б. немесе *көмірқышқылы* – *углекислота*, *көмірсутектер* – *углеводороды*, *мұхиттану* – *океанография*, *газдабылбергіш* – *газосигнализатор*, *күкірткөміртект* – *сероуглерод* және т.б. Алдыңғы келтірілген мысалдар қатары орыс тіліндегі терминдерді қазақ тілінде өзгеріссіз қолдану нәтижесінде тіліміздің термин қорынан орын алған терминдер. Екінші қатардағы терминдер тілімізде баламасы болғанымен, орыс тілінің орфографиялық заңдылығына сәйкес таңбаланып жүрген терминдер. Жалпы қолымыздағы материалдарды тілімізге игерілу тұрғысынан талдау жасау барысында төмендегідей топтарды анықтадық:

Кесте 1. Сөздіктерде берілген біріккен терминдердің тілімізге игерілуі

Біріккен терминдердің өзгеріссіз берілуі	Біріккен терминдердің ұлт тілі негізінде берілуі	Біріккен терминдердің будан түрде берілуі	Біріккен терминдердің ұлт тіліне икемделіп берілуі
<i>автобензин</i> – <i>автобензин,</i> <i>вариометр</i> – <i>вариометр,</i> <i>геотектоника</i> – <i>геотектоника,</i> <i>дебитограмма</i> – <i>дебитограмма,</i> <i>магнитограмма</i> – <i>магнитограмма</i>	<i>вертолет</i> – <i>тікұшақ, вибробур</i> – <i>дірілбұрғы,</i> <i>типография</i> – <i>баспахана,</i> <i>углеродистый</i> – <i>көміртекті,</i> <i>океанография</i> – <i>мұхиттану</i>	<i>автокран</i> – <i>автокөтергіш,</i> <i>газопоглотитель</i> – <i>газжұтқыш,</i> <i>металловедение</i> – <i>металлтану,</i> <i>дебитомер</i> – <i>дебитөлішеуіш,</i> <i>метатұрақтылық</i> – <i>метастабильность</i>	<i>трубоочиститель</i> – <i>тұрбатазалағыш</i>

Біріккен терминдердің өзгеріссіз берілуі дегеніміз – орыс тілінде қалай таңбаланса, қазақ тілінде де дәл солай таңбаланатын бірліктер. Олардың саны өте көп.

Біріккен терминдердің ұлт тілі негізінде берілуі дегеніміз – орыс тіліндегі терминдердің құрамындағы түбірлердің барлығы да қазақ тіліне аударылып берілген терминдер. Бұлардың саны тым аз.

Біріккен терминдердің бұдан түрде берілуі дегеніміз – орыс тіліндегі терминдер құрамындағы түбірлердің бір немесе бірнеше бөлшегі өзге тілде бір бөлшегі ұлт тіліне аударылып қолданылатын терминдерді атаймыз. Мұндай терминдер сөздіктердің бірнеше бөлігін құрайды.

Біріккен терминдердің ұлт тіліне икемдеп қолданылған терминдер дегеніміз – біріккен терминдер құрамындағы түбірлердің бір немесе бірнешеуінің қазақ тілінің заңдылығына сәйкес таңбаланып қолданылғандарын айтамыз. Олардың саны санаулы ғана.

Сөздіктерде берілген біріккен терминдердің жасалу жолдарына қарай бірнеше ірі топтарға бөлуге болады:

1) Алдыңғы тұлғалары *авто, анти, гео, гидро, гипо, изо, контр, лито, магнито, микро, ультра, фазо, фото, эко* және т.б. арқылы:

а) алдыңғы тұлғасы **авто** болып келетін біріккен сөздер: *автобензин – автобензин, автобензинқұюшы – автобензозаправщик, автошығыр – автолебедка, автошаруашылық – автохозяйство, автоцистерна – автоцистерна* және т.б.

ә) алдыңғы тұлғасы **анти** болып келетін біріккен сөздер: *антиклиналь – антиклиналь, антифриз – антифриз, антикоагулятор – антикоагулятор, антифрикционды – антифрикционный* және т.б.

б) алдыңғы тұлғасы **гео** болып келетін біріккен сөздер: *геоқызулық – геотемпературный, геоморфология – геоморфология, геосинклиналь – геосинклиналь, геохронологиялық – геожылнамалық, жержылнама геохронология – геохронологический* және т.б.

г) алдыңғы тұлғасы **гидро** болып келетін біріккен сөздер: *гидробұрғы – гидробур, гидрогендендіру, сутектендіру – гидрогенизация, гидроөндіру – гидродобыча, сусіңіргіштік, заттың су сіңіру қасиеті – гидрофильность* және т.б.

ғ) алдыңғы тұлғасы **гипо** болып келетін біріккен сөздер: *гипотермалды – гипотермальный, гипорталық – гипоцентр, гипофосфат – гипофосфат, гипофосфит – гипофосфит, гипохлорит – гипохлорит* және т.б. Жоғарыда берілген әрбір тұлғаға сөздіктен жинаған материалдардан мысалдарды көптеп кездестіруге болады. Мақала көлемін ескере отырып, шектеп тастадық.

2) Толық мағыналы сөздердің бірігуі арқылы: *азқарқынды – малоинтенсивный, көмірқышқылы – углекислота, металлтану – металловедение, рентгенодиагностика – рентгенодиагностика, сутек – водород* және т.б.

3) Орыс тілінде бір түбірден берілген қазақ тілінде бірнеше түбірдің бірігуі арқылы жасалған терминдер: *тізімхат – ведомость, бұрамашеге – шуруп жүкқұжат – накладная, жүкшығыр – лебедка, жанармай – горючее* және т.б.

Б.Мамановтың көрсетуінше қазақ тілінде түбір сөздер негізгі, қосымшалы, біріккен, тіркесті түбір сөздер және қос сөздер деп беске бөлінеді

[7, 129 б.]. Соңғы үшеуін Б.Қасым күрделі сөздер (аталымдар) қатарына енгізе отырып, күрделі аталымдарға төмендегідей анықтама береді: «Қазақ тіліндегі **күрделі атаулар** – *біріншіден*, тұтас бір ұғымды білдіреді, *екіншіден*, құрамындағы сыңарлар үнемі мағыналық бірлікте жұмсалады, қызметі жағынан бөлшектенбейді, *үшіншіден*, сыңарлар өзара ыңғайласа құралып тұтастықта жұмсалып, бір ұғымның күрделі атауын жасайды. Лингвистикадағы осы ұстаным белгілердің заттың күрделі атауына тән негізгі белгісі, қасиеті деп қарастыруға болады» [12, 138 б.]. Яғни қазіргі кездегідей бірнеше сөздердің қатысуымен жасалған терминдік ұғымды атауда тек қана біріккен тұлғалы бірліктерге сүйенуді хош көрмейміз. Мұндай терминдерді атауда сөзжасамның басқа да тәсілдерін (тіркестіріп, қосарлап жасау тәсілдері) қатыстырған жөн. Тілімізде аталым жасауда тіркестіріп, қосарлап жасалған терминдердің қатары мол. Тіліміз өзге тілдің заңдарымен ылайланбай тұрғанда жарық көрген Х.Досмұхаметұлының *сингармонизм* заңына байланысты мақаласында қазақ тілі түркі тілдерінен айырмашылығы осы буын үндестігінде екендігін баса айтқан болатын [13]. Жоғарыда келтірілген сөздіктерде қазақ тілінің төл заңын бұзып жатқан терминдер қатарын көптеп кездестіруге болады: *азкүлді, аквонегіздер, асажүктелгендік, ауабөлгіш, аязтөзімді* және т.б. Яғни өкінішке орай жуан түбір мен жіңішке түбілерді біріктіріп жазу бүгіндері науқаншылыққа айналып бара жатыр. Мектеп қабырғасында қазақ тіліндегі буын үндестігін баса оқыта отырып, сөзжасамда кері процестерді басшылыққа аламыз. Салдарынан тілімізде жат заңдылықтарға сәйкес бірліктер қатары артып отыр.

Бұл олқылықтардың алдын ала отырып, алдағы уақыттарда сөзжасамның тіркестіру, қосарлау тәсілдеріне басымдық беруіміз қажет. Ы.Маманов орыс тілінде белгілі бір толық мағыналы сөздерді біріктіруші дәнекер дыбыстардың бар және мұндай сөздердің жазылуында да айтылуында да талас жоқ екендігін, ал қазақ тілінде мұндай біріккен сөз жасаушы арнайы дәнекер дыбыстардың жоқ екендігін, бұл проблеманы шешудің төрелігі қазақ тілінің орфография саласына тиесілі екендігін, бүгінгі таңда тілімізде белгілі бір тұрақты тіркестердің морфология саласына жата ма, лексикология саласына жата ма, әлде синтаксис саласының зерттеу нысаны ма, оны анықтау ең қиын және де ең өзекті мәселе болып саналатындығын сөз ете келе, «Қазақ тілінде сөз жасаудың өнімді тәсілдерінің бірі – екі сөзден құралған күрделі сөздер. Екі сөзден жасалған күрделі сөздер бірігу арқылы және қосарлану арқылы жасалады. Бұлардың әрқайсысы болса да заттың, құбылыстың, белгінің, қимылдың атауын білдіретін түбір сөздерге жатады да, қазақ тілінің сөздік құрамына енеді» [7, 142-143 бб.] – дей отырып, сөздерді талғамсыз біріктіре бермеу керектігін, сондай-ақ, тіркестіру тәсілдерінің де өнімділікке ие екендігін жақсы көрсетеді. Әрине терминжасамда қойылатып талаптардың бірі – қысқалық. Дегенмен де бұл талап өзге тілден алынған дайын трафарет екендігі белгілі. Қазақ тілінде сөздерді тіркестіріп жаңа атау жасаудың тарихы біріктіруден бұрын деп шамалаймыз. Ол өз алдына жеке зерттеуді талап ететін мәселе.

Сөздерді біріктіру мәселесіне келсек, Қ.Күдеринаның көрсетуінше, қазақ тілінде сөздерді біріктіру құбылысы жиі жұмыстанатын құбылыс еместігін сөз ете келе, «Орфографияда сөз тіркестерінің универбтелу сатылары, негізінен *босаралық, қосаралық және босаралықсыз* графемаларымен көрінуі тиіс. Ал ағылшын тілінде құрама сөздердің тұлғалануы *қосаралықпен және босаралықсыз* таңбалана береді (*honeymoon, blood-vessel, arm-chair*). Ағылшын тілінің американдық вариантында бірге жазу басым болса, британдық вариантында дефиспен көп таңбаланады. Алайда дефис кейде тілдің эстетикалық қызметін де атқарады» [14, 25-26 бб.] – деп көрсетеді. Ғалымның осы келтірілген қағидасына сүйене отырып, осы күндері жуан және жіңішке түбірлерді біріктіріліп жасалынып жүрген біріккен сөздерді дефис белгісімен қосаралық немесе босаралық таңбалағанды дұрыс деп санаймыз. Себебі қазақ тілінің өзіндік заңдылығы бар тәуелсіз тіл. Қосаралық таңбалануға байланысты өз кезеңінде А.Байтұрсынұлы да айтып кеткен болатын: «Қос сөзде екі сөз бірыңғай болса, екеуі бірдей жуан болса я жіңішке айтылатын болса, онда екеуі айырылмай бірге жазылады (*басқұр, қолқап, желкесер, айбалта* т.б.)» дей келе, «Қос сөзде екі сөз бірыңғай болмаса, бірі жуан, бірі жіңішке болса, онда аралары сызықшамен айырылып жазылады (*жел-бау, төсек-ағаш, жүк-аяқ*) т.б.» [15, 151 б.] – деп көрсетеді. Егер де орфографияда ұлт ұстазы А.Байтұрсынұлының осы ұстанымын басшылыққа алатын болсақ, бүгіндері орын алып отырған кемшіліктердің бірқатары өз шешімін табатын еді. Бірінші, тілімізде буын үндестігінің маңызы қалпына келеді, екіншіден, өзге тілдердегідей сөздерді ретсіз біріктіре бермейтін едік. Нәтижесінде тілімізге жат үш, төрт, бес толық мағыналы сөздерді шұбыртып, бір-біріне біріктіре бермес едік.

Қорытынды

Қорыта келгенде, біріншіден, қазақ тіліндегі біріккен сөздердің таңбалануын қайта қарастыруымыз керек; екіншіден, өзге тілден біріккен негізде жасалған терминдерді қабылдауда өте мұқият болған дұрыс. Үшіншіден, әр тілдің өз заңдылығы, өз ережесі болады, қазақ тілінде күрделі аталым жасаушы өзге де тәсілдерге (тіркестіру, қосарлау) басымдық бергеніміз жөн; үшіншіден, біріккен сөздерді таңбалауда А.Байтұрсынұлының көзқарасын басшылыққа алынғаны дұрыс.

Қаржыландыру туралы ақпарат

Ұсынылып отырған зерттеу мақаласы Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитеті ИРН АР15473326 «Қазақ тілінің жиілік сөздігі – Қазақстанның техникалық жоғары оқу орындары студенттеріне мемлекеттік тілді оқыту әдістемесінің инновациялық базасы» атты тақырыптың негізінде орындалып отыр.

ӘДЕБИЕТ

[1] Айтбайұлы Ө. Қазақ тіл білімінің мәселелері. Вопросы казахского языкознания. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2007. – 624 б.

- [2] Арыстанбаев М. «Мұнай-газ терминдерінің орысша-қазақша сөздігі. – Алматы: «Өлке», 2011. – 336 б.
- [3] Махамбет А.Қ. Мұнай мен газ бойынша қазақша–орысша–ағылшынша сөздік. – Алматы: «Асыл сөз» баспасы, 2015. – 748 б.
- [4] Мұнай өңдеу және мұнай-газ химиясы салаларының қазақша-орысша орысша-қазақша терминологиялық сөздігі. / Байбатша Ә.Б., Үдербаев А.Ж., Әбдиев Қ.Ж., Жаксыликова К.Б., Садықов Б.Б., Жонкешов Б.С., Молдабеков М.С., Насибуллин Б.М.– Алматы: «Сардар», 2024. – 912 б.
- [5] Құрманбайұлы Ш. Қазақ терминологиясы: зерттеулер, оқулық, сөздік, библиография. – Алматы: «Сардар», 2014. – 928 б.
- [6] Кеңесбаев І. Қазақ тіл білімінің мәселелері. Вопросы казахского языкознания. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2008. – 608 б.
- [7] Маманов В. Қазақ тіл білімінің мәселелері. Вопросы казахского языкознания. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2007. – 488 б.
- [8] Радлов В.В. Опыт словаря тюркских наречий. В 4-х т. – СПб., 1888-1905. – 967; 942 с.
- [9] Сыздық Р. Қазақ тілінің анықтағышы (емле, тыныс белгілері, сөз сазы). – Астана: Елорда, 2005. – 535 б.
- [10] Жұбай О., Салқынбай А., Қапалбек Б. Қазақ тілі жүйесінің орфографиялық сөздіктердегі көрінісі. – Алматы, 2023. – 216 б.
- [11] Мұсабаев Ғ. Қазақ тіл білімінің мәселелері. Вопросы казахского языкознания. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2008. – 472 б.
- [12] Қасым Б. Күрделі аталым жасалымы: когнитивті-дискурстық ұстаным. – Алматы: «ЖК Волкова А.В.», 2010. – 383 б.
- [13] Досмұхамедұлы Х. Қазақ–қырғыз тіліндегі сингармонизм заңы. – URL: <https://termincom.kz/articles/?id=2>
- [14] Күдерінова Қ.Б. Бірге, бөлек таңбаланатын сөздердің орфограммасы және оларды кодификациялаудың негіздері: филол. ғ. к. ... диссертация. – Алматы, 2000. – 147 б.
- [15] Байтұрсынұлы А. Тіл тағлымы. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 488 б.

REFERENCES

- [1] Aitbayuly O. Qazaq tıl bılıminiñ мәseleleri. Voprosy kazahskogo iazykoznanıa (Problems of Kazakh language education. The question of Kazakh language). – Almaty: «Arys» publishing house, 2007. – 624 b. [in Kaz.]
- [2] Arystanbaev M. «Mūnai-gaz terminderiniñ oryssha-qazaqsha sözdıgı (Russian-Kazakh dictionary of oil and gas terms). – Almaty: «Olke», 2011, – 336 p. [in Kaz.]
- [3] Mahambet A.K. Mūnai men gaz boıynsha qazaqsha–oryssha–aғыlshynsha sözdık (Kazakh-Russian-English dictionary on oil and gas). – Almaty: «Noble Word» publishing house, 2015, – 748 b. [in Kaz.]
- [4] Mūnai öñdeu jäne mūnai-gaz himiasy salalarynyñ qazaqsha-oryssha oryssha-qazaqsha terminologialyq sözdıgı (Kazakh-Russian Russian-Kazakh terminological dictionary of oil refining and oil and gas chemistry) / Baibatsha A.B., Uderbaev A.Zh., Abdiev K.Zh., Zhaksylikova K.B., Sadykov B.B., Zhonkeshov B.S., Moldabekov M.S., Nasibullin B.M. – Almaty: «Sardar», 2024, – 912 b. [in Kaz.]
- [5] Kurmanbayuly Sh. Qazaq terminologiasy: zertteuler, oqulyq, sözdık, bibliografıa (Kazakh terminology: studies, textbook, dictionary, bibliography). – Almaty: «Sardar», 2014. – 928 b. [in Kaz.]
- [6] Kenesbaev I. Qazaq tıl bılıminiñ мәseleleri. Voprosy kazahskogo iazykoznanıa (Problems of Kazakh language education). – Almaty: «Arys» publishing house, 2008. – 608 b. [in Kaz.]

[7] Mamanov V. Qazaq tıl bılıminiñ мәseleleri. Voprosy kazahskogo iazykoznanıa (Problems of Kazakh language education). – Almaty: «Arys» publishing house, 2007. – 488 b. [in Kaz.]

[8] Radlov V.V. Opyt slovarä türkских narechi (Experience of the dictionary of Turkic adverbs). В 4-х т. – St. Petersburg, 1888-1905. – 967 s. [in Rus.]

[9] Syzdyk R. Qazaq tılıniñ anyqtaǵyşy (emle, tynys belgileri, söz sazy) (Kazakh language guide (spelling, punctuation marks, vocabulary)). – Astana: Elorda, 200. – 535 b. [in Kaz.]

[10] Zhubaeva O. Salkynbay A., Kapalbek B. Qazaq tılı jüiesiniñ orfografialyq sözdikterdegi körinisi (View of the Kazakh language system in orthographic dictionaries). – Almaty, 2023. – 216 b. [in Kaz.]

[11] Musabaev G. Qazaq tıl bılıminiñ мәseleleri. Voprosy kazahskogo iazykoznanıa (Problems of Kazakh language education). – Almaty: «Arys» publishing house, 2008. – 472 b. [in Kaz.]

[12] Kasym B. Kürdeli atalym jasalymy: kognitivti-diskurstyq űstanym (Complex naming: a cognitive-discursive position). – Almaty: «JK Volkova A.V.», 2010. – 383 b. [in Kaz.]

[13] Dosmühamedűly H. Qazaq–qyrǵyz tilindegi singarmonizm zańy (The law of synharmonism in the Kazakh-Kyrgyz language). – URL: <https://termincom.kz/articles/?id=2> [in Kaz.]

[14] Kuderinova K.B. Birge, bölek tañbalanatyn sözderdiñ orfogramasy jáne olardy kodifikasialaudyñ negizderi (Spelling of words to be marked together and separately and the basics of their codification): philol. h. k. ... thesis. – Almaty, 2000. – 147 b. [in Kaz.]

[15] Baitursynuly A. Tıl taǵlymy (Language education). – Almaty: Mother tongue, 1992. – 488 b. [in Kaz.]

ОТРАЖЕНИЕ В СЛОВАРЯХ СЛИТНЫХ ТЕРМИНОВ, ОБРАЗОВАННЫХ ПУТЕМ СЛОВСОЛЖЕНИЯ (НА ОСНОВЕ НЕФТЕХИМИЧЕСКИХ ТЕРМИНОВ)

***Жонкешов Б.С.¹, Карбозова Б.Д.², Тасилова А.А.³**

***¹кандидат филологических наук, заведующий кафедрой
общедициплинарных предметов, Казахский национальный аграрный
исследовательский университет Алматы, Казахстан, e-mail:**

zhon_bs79@mail.ru

**²PhD, старший преподаватель Казахский национальный университет
имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан, e-mail: bulakarb_83@mail.ru**

**³PhD, Казахский национальный университет имени аль-Фараби
Алматы, Казахстан, e-mail: taika9183@gmail.com**

Аннотация. В этой статье будет проведен анализ нефтехимических терминов, созданных путем слияния двух или нескольких корней.

В последнее время растет число сложных терминов внедренных через русский язык. Если в прошлом сложные термины создавались посредством слияния двух и редко трех корней, то в настоящее время все больше наблюдается процесс создание терминов путем слияния трех и даже четырех корней. Причиной тому чрезмерное калькирование при заимствовании термина из другого языка. Вместе с тем, имеет место негласное правило, существующее с пятидесятих годов прошлого столетия – обозначение термина в казахском языке, должно быть точно таким же как и в русском. В соответствии с этим принципом в наш язык входят многие сложные (слитные) термины из других языков.

Цель статьи – исследование, унификация нефтехимических терминов, представленных сложными словами. Для достижения поставленной цели в ходе статистического анализа словарей, изданных в разные годы, изучения опубликованных

работ на данную тему, была изучена природа сложных (слитных) терминов, выявлены причины все большего использования метода сложения корней при создании термина. Сделаны собственные заключения.

Научная и практическая значимость исследовательской работы. Предлагается необходимость пересмотра теории сложных слов в казахском языке на основе научного анализа работ, посвященных словам, созданных путем слияния корней. Приводится попытка доказать, что в казахской терминологии, при названии определенного понятия, предпочтителен метод сочетания слов, нежели способ их слияния. В создании сложных терминов предлагается, опираясь на закон сингармонизма, руководствоваться принципом А. Байтурсынова.

В целях решения поставленных задач в методологии исследования использованы следующие методы: описательный метод, метод семантической группировки, метод терминологического анализа и др.

Материалы и выводы, полученные в результате исследования, могут быть использованы на специальных факультативах в вузах, при написании дипломных и курсовых работ, в академических научных исследовательских работах.

Ценность исследования. Результаты исследования могут быть использованы в учебном процессе высших учебных заведений, на специальных курсах, таких как «Терминология», «Словообразование» и др., а также в написании орфографических словарей и составлении словарей для технических специальностей.

Ключевые слова: термины, слияние, сочетание, калька, слитые термины, терминообразование, аналитический подход, нефтехимическая терминология

REFLECTION OF MERGED TERMS FORMED BY WORD COMPOSITION IN DICTIONARIES (BASED ON PETROCHEMICAL TERMS)

*Zhonkeshov B.S.¹, Karbozova B.D.², Tassilova A.A.³

*¹Candidate of Philological Sciences, Head of the Department of General
Disciplinary Subjects, Kazakh National Agrarian Research University
Almaty, Kazakhstan, e-mail: zhon_bs79@mail.ru

²PhD, senior lecturer Kazakh National University
named after al-Farabi, Almaty, Kazakhstan, e-mail: bulakarb_83@mail.ru

³PhD, al-Farabi Kazakh National University
Almaty, Kazakhstan, e-mail: taika9183@gmail.com

Abstract. This article examines petrochemical terms formed by merging two or more roots. Recently, the number of complex terms introduced through the Russian language has been increasing. In the past, complex terms were created by combining two, and rarely three, roots. However, there is now a growing trend toward creating terms by merging three or even four roots. This development is often caused by excessive calculus when borrowing terms from other languages. At the same time, an unspoken rule has existed since the 1950s: terms in the Kazakh language should mirror their Russian equivalents. Due to this principle, our language has absorbed many complex (merged) terms from other languages.

The purpose of this article is to study and systematize petrochemical terms represented by complex words. To achieve this goal, statistical analysis of dictionaries from different years and the study of works related to this subject were conducted. The nature of complex (fused) terms and the reasons behind the increasing use of root addition when forming terms were examined, leading to specific conclusions.

It is proposed that the theory of compound words in the Kazakh language be reconsidered based on a scientific analysis of works concerning word formation by root merging. The article attempts to prove that, in Kazakh terminology, the method of combining words is preferable to the method of merging them when naming specific concepts. In the creation of complex terms, it is suggested to follow A. Baitursynov's principle of harmonism.

The research methodology includes descriptive methods, semantic grouping, and terminological analysis. The research findings and conclusions can be applied in university electives, thesis writing, academic research, and technical dictionaries. The results can also be used in higher education courses like "Terminology" and "Word Formation," and in compiling specialized dictionaries.

Keywords: terms, integration, combination, tracing paper, combined terms, term formation, analytical approach, petrochemical terminology

Статья поступила 29.07.2024